**Қаржы мониторингі субъектілерінің Ішкі бақылау ережесін әзірлеу, қабылдау және орындау жөніндегі талаптарды бекіту туралы**

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының (бұдан әрі -Заң) 11-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында қоса беріліп отырған Қаржы мониторингі субъектілерінің Ішкі бақылау ережесін әзірлеу, қабылдау және орындау жөніндегі талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті (М.С. Өтебаев) белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Р.Е. Дәленовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2010 жылғы 9 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

**Министр** **Б. Жәмішев**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
Р. Түсіпбеков

_______ _________________

2010ж. «___»________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Индустрия және сауда
министрі
Ә. Исекешев
________ _________________

2010 ж. «___»________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігінің
төрайымы
Е. Бахмутова
________ _________________

2010 ж. «___»________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Туризм
және спорт министрінің м.а.
Қ.Өскенбаев

____ _________________

2010 ж. «___»________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкінің төрағасы
Г. Марченко
________ _________________

2010 ж. «___»________

## Қаржы мониторингі субъектілерінің Ішкі бақылау ережесін әзірлеу, қабылдау және орындау жөніндегі талаптары

1. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңының (бұдан әрі - Заң) 11-бабының 3-тармағына сәйкес осы талаптар Қаржы мониторингі субъектілерінің ішкі бақылау ережелерін әзірлеуіне, қабылдауына және орындауына қойылатын біріңғай ұстанымды анықтайды.

2. Қаржы мониторингі субъектілерінің ішкі бақылау ережесі мынадай талаптарды қамтуы тиіс:

Заңның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген шарттар;

Заңның 4-бабының 2-тармағында көрсетілген қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялардың тізбесі;

Заңның 4-бабының 4-тармағында көзделген күдікті операцияларды анықтау критерийлері;

өз клиенттерін тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттар тізбесі;

Заңның 5-бабының 3-тармағында көзделген өз клиенттерін тиісінше тексеру шаралары;

корреспондент банктермен корреспонденттік қарым-қатынастар жасайтын қаржы мониторингі субъектісінің оларды тиісінше тексеру шаралары;

Заңның 13-бабының 1-тармағында көрсетілген клиент операцияларын жүргізуден бас тарту негіздері;

Заңның 13-бабы 2-тармағына сәйкес клиенттің күдікті операциялары туралы уәкілетті органды міндетті түрде ақпараттандыру жөніндегі шараларды;

қаржы мониторингі субъектілері лауазымды тұлғаларының сәйкестендіру деректеріне және өз клиенттерін тиісінше тексеру жөніндегі өзге ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;

Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес алынған ақпаратты сақтау және қорғау тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар;

заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында жұмылдырылған қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлерін даярлау және оқыту жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шаралар;

лауазымды тұлғаларды тағайындауға, олардың біліктілігіне және даярлауға қойылатын талаптар.

3. Қаржы мониторингі субъектілері қаржы мониторингі субъектілерінің қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдарына, Заңына және осы Талаптардың ережелеріне сәйкес ішкі бақылау ережелерін әзірлейді, қабылдайды және орындайды.